

## «Теректі негізгі мектебінің бойынша бастауыш сынып мұғалімі Бауеденова Базаргүлдің тәрбие жұмыстарының жылдық есебі

**Мақсаты:** Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыра отырып, бәсекелестікке қабілетті, дарынды тұлға тәрбиелеу.

Тамыз айында жаңа 2021-2022 оқу жылында 3 сыныпқа арналған жұмыс жоспарлары, күнтізбелік жоспарлар, тәрбие жоспарлары жасалып бекітуге ұсынылды. Сыныптағы барлық оқушы оқулықтармен толықтай қамтылды. 3 сыныпта жыл басында 7 оқушы болды. Оның ішінде 6-қыз бала, 1-ұл бала бар. Биылғы оқу жылы 1-қыркүйек «Тәуелсіздік жетістіктері» атты тақырыпта білім күнгі сабақпен басталды. Сондай-ақ, ата-аналармен жиналыс болып өтті. Сыныптың әлеуметтік жағдайы анықталып, ата-ана комитеттерін сайладық.



Қыркүйек айында қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағытында «Менің Отбасым», «Жолда жүру ережесін білесің бе?» және «Қарттарым-асыл қазынам», рухани адамгершілік тәрбие бағыты бойынша «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» тақырыптары бойынша сынып сағаттары өтілді.





Қазан айында көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие бағыты бойынша «Ұсатазым менің ұстазым», қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағытында «Күн тәртібі не үшін қажет?», Ұлтық тәрбие бағытында «Адамгершілік- асыл қасиет» тақырыптарында сынып сағаты өткізілді.



Сонымен қатар көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие бағытында «Ы Алтынсариннің 180 жылдығына байланысты апталық ұйымдастырылды» нәтижесінде «Үздік өнер» номинациясы бойынша марапатталдық.



3 сыныбы Күні: 08.11.2021ж Тақырыбы:Қонақ күте білеміз бе?.Қазақтың ұлттық ойындары.Теңге- ұлт мақтанышы жұмыстары жүргізілді.Мақсатымыз: Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу.





13.11.2021ж Тақырыбы: «Ы.Алтынсариннің180 жылдығы» апталығы.



27.12.2021жТәуелсіздік тартуы тақырыбында үлкен жұмыс жүргізілді. Тақырыбы: Қош келдің Жаңа жыл атты сынып сағаты өтілді.Сынып сағатының мақсаты:Оқушыларға Жаңа жыл туралы ұғым беріп, жаңа жылды татулықпен, достықпен, бірлікпен өткізуге баулу. Жаңа жылда барлық бойларында бар өнерлерін ортаға салып үйрету. Көңілді өткізу өз қолдарында екенін түсіндіру.Сынып сағаты жоғарғы дәрежеде өтті.

Қаңтар айында 3 сыныпқа арналған жұмыс жоспарларында көрсетілген жұмыстар уақытылы жүргізіліп отырылды.Қаңтар айының 10.01-14.01 аралығында Имандылық жарасады ұл- қызға, Мейірімділік- асыл қасиет, Ш. Берсиев туралы альбом жинақтау жұмыстары жүргізілді.



Ақпан айында көпмәдениетті және көркем эстетикалы тәрбие бағытында «М Мақатаев өлеңдерін оқу», «Жолда жүру ережесін білесің бе?» және «Мамандықтың бәрі жақсы», зияткерлік тәрбие бағыты бойынша « Зерде» Дина Нұрпейісова тақырыптары бойынша сынып сағаттары өтілді.Сабақты мақсаты: Оқушыларды өз ойларын ашық көрсете отырып қазақтың бір туар ұлдарының өлеңдерін нақышына келтіре оқуға үйрету. Осы сабақта Мұқағали ролін сынып оқушысы Жұмаш Әли сомдады, Әлидің де туылған күні 9 ақпан.





Наурыз айында көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие бағыты бойынша «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған», Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбие бағытында «Озық ойлы оқушы», Ұлтық тәрбие бағытында «Наурыз- ырыс, құт береке бастауы» тақырыптарында сынып сағаты өткізілді.



Сонымен қатар көпмәдениетті және көркем -эстетикалық тәрбие бағытында «Ағаштан ағаш алады сәнін, адамнан адам алады тәлім» атты тәрбие бағыты бойынша онкүндік ұйымдастырылып, қорытындысы шығарылып, нәтижесінде 3 сынып оқушысы Орынбасарова Айжұлдыз «Көшбасшы оқушы» номинациясы бойынша марапатталды.



3 сыныбы Күні: 09.03.2022ж Тақырыбы Қазақтың ұлттық киімдері жұмыстары жүргізілді. Мақсатымыз: Оқушыларды әсемдікке, адамгершілікке тәрбиелеу. 17.03.2022ж Қош

келдің Наурыз тақырыбында үлкен жұмыс жүргізілді. Тақырыбы: «Қош келдің Әз Наурыз» атты сынып сағаты өтілді.Сынып сағатының мақсаты:Оқушыларға Жаңа жыл туралы ұғым беріп, жаңа жылды татулықпен, достықпен, бірлікпен өткізуге баулу. Жаңа жылда барлық бойларында бар өнерлерін ортаға салып үйрету. Көңілді өткізу өз қолдарында екенін түсіндіру.Сынып сағаты жоғарғы дәрежеде өтті.



«Мамандықтар әлемі» атты тәрбие сағаты өткізілді.








Сәуір айында сынып бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталар болсам: Қонақжайлық туралы ақпараттар беру.Мақсаты: Оқушыларға қонақты қалай қарсы алу, құрмет көрсету, ербалалар қолға су құю, қызбалалар төрге көрпе салып қонаққа жақсы құрмет көрсетуге үйрету. Ғарышкер болғым келеді сынып сағаты өткізілді.Мақсаты: оқушыларға ғарыш әлемі туралы түсінік бере отырып, алғаш самғаған әлемдік және қазақстандық ғарышкерлер туралы мағұлмат алды. Көп мәдениетті көркем эстетикалық тәрбиелеу бағытында «Жақсыдан үйрен-жаманнан жирен» сынып сағаты өткізілді.



Мамыр айында қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағытында «Ауылым алтын бесігім» атты сынып сағаты, ерлікке тәрбиелеу бағытында «Ер есімі-ел есінде» атты тәрбие сағаты өткізілді.

Бекітемін:   
Мектеп директоры: М.Аяпбергенов

Келісемін:   
ТІЖО: Г.Қазыбаева



**«Теректі негізгі мектеп» КММ-нің  
бастауыш сынып мұғалімі Бауеденова Базаргүлдің  
2021-2022 оқу жылындағы тәрбие жұмыстарының  
жылдық есебі**

2021-2022 оқу жылы